

**Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмаған тұлғалар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 20 наурыздағы № 82 қаулысы. Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 6 сәуірде № 3-12-147 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 11 мамырдағы № 173 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 11.05.2016 № 173 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңның 7-бабының 5-5, 5-6 тармақтарына Хромтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіпорындар мен ұйымдарға меншік түріне қарамастан қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар мен интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жалпы жұмыс орындарының санынан 1 пайыздық көлемінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 26.03.2013 № 133 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулыдан туындайтын іс-шараларды ұйымдастыру "Хромтау аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

**Ескерту. 2 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық әкімдігінің 26.03.2013 № 133 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ельдесовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК